

«Бекітемін»

«Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
"Амангелді ауданы білім бөлімінің Тасты
жалпы білім беретін мектебі" КММ
мектеп директоры» А.А.Койгельдина



«Келісемін»

Қостанай облысы әкімдігі білім
басқармасының "Амангелді ауданының білім
бөлімі" ММ басшысы» М.С.Дихамбаев



**Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
Амангелді ауданы білім бөлімінің
«Тасты жалпы білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
2024-2025 оқу жылында
оқыту қазақ тілінде жүргізілетін
сыныптарына арнаған
жұмыс оқу жоспары.**

2024-2025 оқу жылына арналған оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің жұмыс оқу жоспарына түсінік хат.

Оқытудың бастауыш білім беру сатысына арналған жұмыс оқу жоспарын құрастыру барысында "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 08 ақпандағы №27 бұйрығына 1-қосымшасы басшылыққа алынып, жұмыс оқу жоспарының вариативтік компонентіндегі белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтары: 29.08.2024 жылғы №1 педагогикалық кеңес шешімі негізінде вариативтік компоненттен белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар төмендегі үлгіде бөлінді.

Вариативтік компонентіндегі 1-4-ші сыныптардағы белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар оқушылардың білік дағдыларымен жұмыс жасау арқылы бала бойындағы рухани дүниетанымының өркендеуіне, ұлттық сана-сезімінің қалыптасуына интеллектуалды дамуына көмек беруге бағытталған.

1- сыныпта –1 сағат; 2- сыныпта - 2 сағат; 3- сыныпта -1 сағат. 4-сыныпта-1 сағат.

1 сыныпта - **«Жас математик»** – 1 сағат берілген. **Курс мақсаты:** оқушының тұлғалық қасиеттерін, ақыл-ойын, сезімдерін, танымдық және шығармашылық қабілеттерін, ойлау әрекеттерін дамыту, оқушыларға математикалық білім, білік дағдыларын игерту.

2 сыныпта-1 сағат **«Қызықты грамматика»** **Курс мақсаты:** қазақ тілін қатысымдық тұрғыдан меңгерту, оқушының өз ойын түсінікті жеткізуге үйрету, дара тұлғаның дамуына мүмкіндік жасау.

2 сыныпта -1 сағат **«Көркем жазу»**. **Курс мақсаты:** оқушылардың оқу және жазу дағдыларын қалыптастыру, әріп элементтерін дұрыс жазуын, көркемдік эстетикалық талғамын арттыруға грамматикалық мағлұматтарды меңгерту.

3 сыныпта-1сағат. **«Математика және логика»**. **Курс мақсаты:** Баланың танымдық қызығушылығын арттыру, функционалдық қасиеттерін дамыту, шығармашылыққа бейім құзыретті тұлғаның дамуына, логикалық ойлауды қалыптастыру болып табылады.

4 сыныпта-1 сағат **«Қызықты математика»**. **Курс мақсаты:** Оқушылардың математикалық білімін тереңдету мен өзін-өзі тану қабілеті арқылы өмірлік ұстанымын қамтамасыз етуде қажетті ресурстарды қалыптастыру. Бастауыш сыныптағы математика пәнін оқытудағы ең басты міндет баланың логикалық ойын дамыту, оқушылардың білімін шыңдау және тереңдету, ойлау қабілетін дамыту. Курстың оқу бағдарламасының көрсетілген тақырыптары мектеп бағдарламасында теориялық тұрғыдан берілсе, курсты оқытуда практикалық жағына мол көңіл бөлінеді. Вариативтік компонент сағаттарын бөлуге ата-ана сұранысы және мұғалімдердің потенциалы ескерілді.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына 2-қосымша, 1-4-сыныптарда "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсы міндетті меңгеру қамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда "Дүниетану" оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырады. "Жолда жүру ережелері" оқу курсының мазмұнын 1-4 сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырады. Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда - 33 оқу аптасын, 2-4 сыныптарда – 34 оқу аптасын құрайды. Тілдерді кезең-кезеңмен оқыту шеңберінде 3- сыныпта «Шетел тілі» (ағылшын тілі) пәнін оқыту енгізіледі. "Көркем еңбек" пәнін кезең-кезеңмен "Бейнелеу өнері" және "Еңбекке баулу" пәндеріне бөліп оқыту 3-сыныпта жалғасады, 4-сыныпта "Көркем еңбек" пәні оқытылады.

Оқу жоспарындағы оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі оқыту сатысының типтік оқу жоспарындағы сағаттар санына сәйкес, 29.08.2024 жылы өткен №1 педагогикалық кеңесте талданды және бекітілді.

«Бекітемін»

«Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
"Амангелді ауданының білім бөлімі" Тасты
жалпы білім беретін мектебі» КММ
мектеп директоры А.А.Койгельдина



«Келісемін»

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
"Амангелді ауданының білім бөлімі" ММ
басшысы М.С.Дихамбаев



**2024-2025 оқу жылына арналған оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған
бастауыш білім берудің жұмыс оқу жоспары.**

"Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу
жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012
жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-
ағарту министрінің 08.02.2024 жылғы №27 бұйрығына 1-қосымшасы "Оқыту қазақ тілінде
жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің
үлгілік оқу жоспары" негізінде жасалған.

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны				Жалпы жүктеме, сағат	
		1	2	3	4	апталық	жылдық
Инварианттық компонент							
	Тіл және әдебиет	6	9	11	11	37	1252
1	Әліппе, Ана тілі	6	-	-	-	6	198
2	Қазақ тілі	-	4	4	4	12	408
3	Әдебиеттік оқу	-	3	3	3	9	306
4	Орыс тілі		2	2	2	6	204
5	Шетел тілі			2	2	4	136
	Математика және информатика	4,5	5	6	6	21,5	726,5
6	Математика	4	4	5	5	18	608
7	Цифрлық сауаттылық	0,5	1	1	1	3,5	118,5
	Жаратылыстану	1	1	1	2	5	169
8	Жаратылыстану	1	1	1	2	5	169
	Адам және қоғам	1	1	1	1	4	135
9	Дүниетану	1	1	1	1	4	135
	Технология және өнер	3	3	3	2	11	371
10	Музыка	1	1	1	1	4	135
11	Көркем еңбек				1	1	34
12	Еңбекке баулу	1	1	1		3	101
13	Бейнелеу өнері	1	1	1		3	101

	Дене шынықтыру	3	3	3	3	12	405
14	Дене шынықтыру	3	3	3	3	12	405
	Инварианттық оқу жүктемесі	18,5	22	25	25	90,5	3058,5
Вариативтік компонент							
	Белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар	1	2	1	1	5	169
	«Жас математик»	1					
	«Қызықты грамматика»		1				
	«Көркем жазу»		1				
	«Математика және логика»			1			
	«Қызықты математика»				1		
	Ең жоғарғы оқу жүктемесі	19,5	24	26	26	95,5	3227,5

**2024-2025 оқу жылына арналған оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптар үшін
негізгі білім берудің жұмыс оқу жоспарына түсінік хат.**

Оқытудың негізгі сатысына арналған жұмыс оқу жоспарын құрастыру барысында "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 26 қазандағы №323 бұйрығының 6-қосымшасы басшылыққа алынды.

Жұмыс оқу жоспарының вариативтік компоненті бойынша "Жаһандық құзыреттілік" курсына 5-8 сыныптарда 0,5 сағаттан, 9-сыныпта 1 сағаттан бөлінген. "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамызда бекітілген №348 бұйрығының 3-қосымшасы "Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының" 2-тарауы "Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білімнің мазмұнына қойылатын талаптар" 38-тармағында сәйкес "Жол қозғалысы ережелері" оқу курсы 5-8-сыныптарда сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізіледі, сынып журналының жеке бетінде сабақтың тақырыбы мен сабақтың өткізілген күні көрсетіліп жазылады.

"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамызда бекітілген №348 бұйрығының 3-қосымшасы "Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының" 2-тарауы "Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білімнің мазмұнына қойылатын талаптар" 38-тармағында сәйкес "Жол қозғалысы ережелері" оқу курсы 5-8-сыныптарда сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізіледі, сынып журналының жеке бетінде сабақтың тақырыбы мен сабақтың өткізілген күні көрсетіліп жазылады. Білім беру ұйымдарында көркем еңбек бойынша сыныптың толымдылығына қарамастан ұлдар мен қыздарға сыныпты екі топқа бөлуге болады" ескере отырып 5-9-сынып оқушылары көркем еңбек пәнінен екі топқа бөліп оқыту қарастырылған.

4-тарауы "Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар" 56-тармағында "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны 5-9-сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады. "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі. Оқу жылының ұзақтығы 5-9-сыныптарда - 34 оқу аптасын құрайды. 2024 жылғы 2 қыркүйек алғашқы оқу күні, оқудың аяқталуы - 2025 жылғы 23 мамыр.

Оқу жоспарындағы жеке пәндерді оқытуға бөлінген сағаттар саны оқыту сатысының типтік оқу жоспарындағы сағаттар санына сәйкес 29.08.2024 жылы өткен №1 педагогикалық кеңесте талданды және бекітілді.

«Бекітемін»

«Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
"Амангелді ауданы білім бөлімінің Тасты
жалпы білім беретін мектебі" ММ
мектеп директоры _____ А.А.Койгельдина



«Келісемін»

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
"Амангелді ауданының білім бөлімі" ММ
басшысы: _____ М.С.Дихамбаев



**2024-2025 оқу жылында оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған
негізгі орта білім берудің жұмыс оқу жоспары.**

"Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 26 қазандағы №323 бұйрығына 6-қосымша негізінде жасалған.

		«5»	«6»	«7»	«8»	«9»	Апталық	Жылдық
Инварианттік компонент								
I. Тіл және әдебиет		11	11	11	11	11	55	1870
1	Қазақ тілі	3	3	3	2	2	13	442
2	Қазақ әдебиеті	2	2	2	3	3	12	408
3	Орыс тілі мен әдебиеті	3	3	3	3	3	15	510
4	Шет тілі	3	3	3	3	3	15	510
II. Математика және информатика		6	6	6	6	6	30	1020
5	Математика	5	5		-	-	10	340
6	Алгебра	-	-	3	3	3	9	306
7	Геометрия	-	-	2	2	2	6	204
8	Информатика	1	1	1	1	1	5	170
III. Жаратылыстану		2	2	7	8	8	27	918
9	Жаратылыстану	2	2		-	-	4	136
10	География	-	-	2	2	2	6	204
11	Биология	-	-	2	2	2	6	204
12	Физика	-	-	2	2	2	6	204
13	Химия	-	-	1	2	2	5	170
IV. Адам және қоғам		3	3	3	3	4	16	544
14	Қазақстан тарихы	2	2	2	2	2	10	340
15	Дүниежүзі тарихы	1	1	1	1	1	5	170
16	Құқық негіздері	-	-	-	-	1	1	34
V. Технология және өнер		3	3	1	1	1	9	306
17	Музыка	1	1		-	-	2	68
18	Көркем еңбек	2	2	1	1	1	7	238
VI. Дене шынықтыру		3	3	3	3	3	15	510
19	Дене шынықтыру	3	3	3	3	3	15	510
	Инварианттық оқу жүктемесі	28	28	31	32	33	152	5168
Вариативтік компонент								
	Жаһандық құзыреттілік	0,5	0,5	0,5	0,5	1	3	102
	Элективті курстар	-	-	-	-	-	-	-
	Вариативтік оқу жүктемесі	0,5	0,5	0,5	0,5	1	3	102
	Оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі	28,5	28,5	31,5	32,5	34	155	5270

**2024-2025 оқу жылына арналған оқыту қазақ тілінде жүргізілетін
қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша
жалпы орта білім берудің жұмыс оқу жоспарына
түсінік хат.**

Оқытудың жоғары сатысы жұмыс оқу жоспары "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы"

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 85-қосымшасына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 26 қазандағы №323 бұйрығына 131-қосымша "Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары" негізінде жасалған.

1. **«Жаһандық құзыреттілік»** курсының оқытылу мақсаты білім алушыларда жергілікті және жаһандық проблемалардың өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігін, мәдениетаралық өзара іс-қимыл мәселелерін түсінуді, әртүрлі көзқарастар мен дүниетанымдарды түсінуді және бағалауды, бірегей білім мен идеяларды құру дағдыларын қалыптастыру.

2. **«Отан тарихнамасы»** курсының мақсаты: Оқушыларға қазақ жеріндегі алғашқы тайпалар өмірімен тәуелсіз Қазақстан тарихына дейінгі маңызды оқиғалар жайлы мәлімет бере отырып, оқушылардың ақыл-ойларын, білімдерін отанға деген сүйіспеншілігін дамыта отырып оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу.

3. **«Бір тұтас Қазақ мемлекетінің құрылуы»** курсының мақсаты: біртұтас қазақ мемлекетінің құрылуы мен оның дамуы жайлы толық мағлұмат бере отырып, оқушылардың ақыл-ойларын, білімдерін Отанға деген сүйіспеншіліктерін дамыта отырып оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу.

4. **«Дүние жүзі XX ғасыр табалдырығында»** курсының мақсаты: дүние жүзінде болған маңызды оқиғалар туралы мәлімет бере отырып, оқушылардың әлем тарихын білу арқылы, өз елін, тарихын, дамуын қамтамасыз ететін, болашақта Отансүйгіш азамат болуларына ықпал жасау.

5. **«Адамзат тарихындағы ең ірі соғыс»** курсының мақсаты: оқушыларға адамзат тарихындағы ең алапат соғыс-екінші дүниежүзілік соғыс туралы толық мәлімет беру, әлемдегі бейбітшіліктің рөлін ұғындыру.

"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы "Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамызда №348 бұйрығының 4-қосымшасымен бекітілген "Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты" 4-тарауы "Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойыла- тын талаптар" 50-тармақшасында "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушыларының оқытуымен іске асырылады делінген. Оқу бағдарламасы негізінде "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" курсын оқыту:

–10-сыныптарда "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен;

– жалпы орта білім беру мектептерінің 11-сыныптарында "Технологиялық дайындық" бөлімі (34 сағат) оқытылады, онда автокөлік құралдарының қозғалысы мен қауіпсіз жүру ережелерін зерделеу қарастырылған. "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны 11-сыныпта 16 сағаттық оқу жүктемесімен алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы жүзеге асырады. "Өмір қауіпсіздік негіздері" бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі.

Оқу жылының ұзақтығы 10-11-сыныптарда - 34 оқу аптасын құрайды. 2024 жылғы 2 қыркүйек алғашқы оқу күні, оқудың аяқталуы - 2025 жылғы 23 мамыр.

Оқу жоспарындағы оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі оқытудың жоғары сатысының типтік оқу жоспарындағы сағаттар санына сәйкес, 29.08.2024 жылы өткен №1 педагогикалық кеңесте талданды және бекітілді.

«Бекітемін»

«Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
"Амангелді ауданы білім бөлімінің жалпы
жалпы білім беретін мектебі" КММ
мектеп директоры: А.А. Конгельдина



«Келісемін»

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
"Амангелді ауданының білім бөлімі" ММ
басшысы: М.С. Дихамбаев



**2024-2025 оқу жылында оқыту қазақ тілінде жүргізілетін
қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша
жалпы орта білім берудің жұмыс оқу жоспары.**

"Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 85-қосымшасына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 26 қазандағы №323 бұйрығына 131-қосымша "Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары" негізінде жасалған.

№	Оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағаттар саны		Жалпы жүктеме	
		10	11	апталық	жылдық
Инварианттық компонент					
1	Қазақ тілі	2	2	4	136
2	Қазақ әдебиеті	3	3	6	204
3	Орыс тілі мен әдебиеті	2	2	4	136
4	Шетел тілі	3	3	6	204
5	Алгебра және анализ бастамалары	3	3	6	204
6	Геометрия	1	1	2	34
7	Информатика	1	1	2	34
8	Физика	2	2	4	136
9	Химия	2	2	4	136
10	Биология	2	2	4	136
11	География	1	1	2	68
12	Қазақстан тарихы	2	2	4	136
13	Дүниежүзі тарихы	2	2	4	136
14	Құқық негіздері	1	1	2	68
15	Дене шынықтыру	3	3	6	204
16	Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	1	1	2	68
Инварианттық оқу жүктемесі		31	31	62	2108
Вариативтік компонент					
Жаһандық құзыреттілік		1	1	2	68
Отан тарихнамасы		1		1	34
Дүние жүзі XX ғасыр табалдырығында		1		1	34
Бір тұтас Қазақ мемлекетінің құрылуы			1	1	34
Адамзат тарихындағы ең ірі соғыс			1	1	34
Вариативтік оқу жүктемесі		3	3	6	204
Ең жоғарғы оқу жүктемесі		34	34	68	2312